

**«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектеп» КММ-сі**

**Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысының  
Хаттамасы № 1**

Мерзімі: 03.09.2021 ж.

Қатысқаны: 14

Барлығы: 14

Қатыспағаны: 0

**Күн тәртібінде:**

1. Сынып жетекшілердің 2021-2022 оқу жылына арнап жасаған тәрбие жоспарларының бекітілуі (8 бағыт бойынша).
2. Сынып жетекшілердің ұл бала және қыз балалармен жұмыс жоспары,
3. Оқушылардың оқу дайындығы, мектеп формасы
4. Жаңа оқу жылының міндеттері
5. Тазалық - санитарлық жұмыстарының барысы

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Үсенов сөз алды. Ол 8 бағыт бойынша сынып жетекшілердің 2021-2022 оқу жылына арнап жасаған тәрбие жоспарларына талдау жасап, жоспар бойынша бағыт-бағдар берді. Ал бірлестік жетекшілері З. Мұсаева мен Н. Үсенова тәрбие сағаттарын 8 бағыт бойынша бөліп жасағанын, жоспардың талапқа сай жасалу керектігін айтты. Сонымен бірге сынып жетекшілері «Ұл бала және қыз балалармен жұмыс» жоспары мазмұнымен таныстырды. Оқушылардың мектеп формасы 1-11 сыныптарға дейінгі біркелкі мектеп формасына көшкендігін, оқу құралдарының, яғни кітаппен қамтамасыз етілуі жақсы екендігін, жаңа оқу жылының міндеттері жөнінде оқушыларды таныстырып өткендігі жөнінде айтылды. Т. Үсенов сынып жетекшілерге жаңа оқу жылының міндеттерімен таныстырып, тәрбие сағаты материалдарын жинақтауды, сыныптың тазалығы мен термометр, аптечканың болуын талап етті. Әр аптаның жұма күні - тазалық күні


екендігін, сынып бөлмелерін таза ұстауын, кезекшілікті дұрыс атқаруды, оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалауды тапсырды.


### Жарыссөз:

Мектеп медбикесі А. Боранбаева «Жұма – тазалық күні» деп белгілеуді және сынып жетекшілерге сыныптың тазалығын, термометр, аптечканың болуын, аптечканың ішіндегі медициналық заттардың түгел болуын, оқушылардың гигиеналық тазалығын қадағалауды тапсырды.

### Қаулы :

1. Сынып жетекшілердің тәрбие жоспары бекітілсін және жоспарға сәйкес жұмыстар өз мерзімінде атқарылсын.
2. Жаңа оқу жылының міндеттерін жүзеге асыру, орындау сынып жетекшілерге, қадағалау бірлестік жетекшілеріне жауапкершілікпен жүктелсін.
3. Тазалық санитарлық жұмыстары күшейтілсін.

Сынып жетекшілері ӘБ жетекшісі:  Н.Үсенова

Хатшы:  С. Әбілдаева

**«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектеп» КММ-сі**

**Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысының  
Хаттамасы № 2**

Мерзімі: 02.11.2021 ж.

Қатысқаны: 14

Барлығы: 14

Қатыспағаны: 0

**Күн тәртібінде:**

1. Тәрбие жұмысының бірінші бағыты: қазақстандық патриотизм мен азаматтық, құқықтық тәрбиенің берілуі бойынша атқарылып жатқан жұмыстар. /5-11 сынып/
2. ҚР мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге бағытталған жұмыс
3. «Тілім – менің тірегім», «Бағдаршам - біздің досымыз» онкүндігін, «Ұстазым, менің ұстазым» апталығын қорытындылау /1-11 сыныптар/

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша 5-11-сыныптар бойынша бірлестік жетекшісі Н. Үсенова мен бастауыш сыныптардың бірлестік жетекшісі З. Мұсаевалар сөз алды. Ол 5-11 сыныптар бойынша қазақстандық патриотизм мен азаматтық, құқықтық тәрбиенің берілуі бойынша атқарылып жатқан жұмыстар бойынша айтып шықты. Сынып жетекшілер Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге бағытталған жұмыстар бойынша есеп берді. Т. Үсенов жоспарға сәйкес өтілген Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына, «Тілім - менің тірегім», «Бағдаршам - біздің досымыз» онкүндігін «Ұстазым, менің ұстазым» апталығына талдау жасады. Іс – шара барысына тоқталды, қортындылап белсенділік танытқан мұғалімдерді марапаттады.

Апталықтың жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, алдағы уақытта кемшіліктерді болдырмау шараларын қолға алуды тапсырды. Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалап, мектеп формасын сақтауын, оқу құралдарын түгел алып келіп, кітаптарын қаптап, таза, ұқыпты ұстауларын талап етті.

**Жарыссөз:**

Сынып жетекшілері А. Мырзалиева, К. Аяпов, Ш. Темірхановтар сөз алып, Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына орай және «Тілім - менің

тірегім», «Бағдаршам - біздің досымыз» онкүндігін «Ұстазым менің ұстазым» апталық іс-шараларының өтілу барысына, оқушылардың қатысу белсенділігіне қорытынды жасап, ой-пікірлерін ортаға салды.

**Қаулы етеді :**

1. Мемлекеттік рәміздерді қастерлеу, насихаттау жандандырылсын және талапқа сай жұмыстар жүргізілсін.
2. «Тілім - менің тірегім», «Бағдаршам - біздің досымыз» онкүндігін «Ұстазым, менің ұстазым» апталық іс-шараларының өтілу сапасы «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Сынып жетекшілері ӘБ жетекшісі: *Мурт* Н.Үсенова

Хатшы: *Әбіл* С. Әбілдаева

**«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектеп» КММ-сі**

**Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысының  
Хаттамасы № 5**

Мерзімі: 18.05.2022 ж.

Қатысқаны: 14

Барлығы: 14

Қатыспағаны: 0

**Күн тәртібінде:**

1. Тәрбие саласы бойынша 2021-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебі (1-11 сыныптар)
2. Оқу жылын аяқтау және «Соңғы қоңырау» мерекесіне дайындық жұмыстары
3. Жазғы демалысты ұйымдастыру
4. Аттестат, куәлік тапсыру жиыны

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша 5-11-сыныптар бойынша бірлестік жетекшісі Үсенова Нұршат пен бастауыш сыныптардың бірлестік жетекшісі З. Мұсаевалар оқу жылы барысында тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді.

Сынып жетекшілерді оқу жылының аяқталуына байланысты, жыл бойы атқарылған жұмыстар бойынша, өткізілген тәрбие сағаттары мен ашық тәрбие сағаттары, сыныптан тыс жұмыстар бойынша мәлімдеме жасады. Бітіруші сыныптар бойынша 9-сыныптың жетекшісі Ш. Темірханов пен 11-сыныптың жетекшісі А. Қанымбаевалар «Соңғы қоңырау» салтанатты жиыныны аудандық білім бөлімінің бекіткен бұйрығына сәйкес талаптары сақталатынын, оқушылардың дайындық жұмыстары бойынша, түзілген жоспар бойынша айтып өтті.

9-11 сынып жетекшілері Қанымбаева Айгул мен Темірханов Шыңғыс аттестат, куәлікті емтихан біткен соң аудандық білім бөлімінің бекіткен талаптары мен тапсырмасы бойынша салтанатты түрде тапсыратындығын айтты.

Жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша әлеуметтік-педагог Н. Ниязбекова әлеуметтік статусы бар, топқа енетін оқушыларға тегін жолдамамен 15 оқушы қамтылғанын айтып өтті. ДТІЖО Т. Үсенов те жазғы демалыс маусымында мектепшілік лагерге 1-6 сыныптар аралығында 30


оқушы қатыстыру жоспарланғанын, тәлімгер болып Г. Ниязбекова бектілгенін атап өтті.


### Жарыссөз:

ДТІЖО Т. Үсенов бітіруші сыныптың жетекшілеріне, бірлестік мүшелеріне сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуді ұсынды, сыйлыққа, жөндеу жұмыстарына ақша жинауға, серуенге қатаң тыйым салынатындығы жөнінде қатаң ескерту жасады. Сонымен бірге оқушылардың емтихан тапсыру кезінде мектеп формасын сақтауын, оқу-құралдарының түгел болуын қадағалауды сынып жетекшілеріне тапсырды.

### Қаулы етеді :

1. Тәрбие саласы бойынша 2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. «Соңғы қоңырау» мерекесіне дайындық жұмыстары тапсырмаға, талапқа сәйкес жүргізілсін және аттестат, куәлікті тапсыру аудандық білім бөлімінің белгілеген мерзіміне сәйкес тапсырылсын.
3. Жазғы демалысқа балалар тізімін алу, жұмыс жоспарлау тәлімгер Г. Ниязбековаға жүктелсін.

Сынып жетекшілері ӘБ жетекшісі:  Н.Үсенова

Хатшы:  С. Әбілдаева

«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектеп» КММ-сі

Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысының  
Хаттамасы № 4

Мерзімі: 16.03.2022 ж.

Қатысқаны: 14

Барлығы: 13

Қатыспағаны: 1 (себепті)

**Күн тәртібінде:**

1. Мамандыққа бағдарлау мақсатында жүргізілетін жұмыстар есебі /9-11- сыныптар/
2. Көгалдандыру - көркейту айлығының барысы.
3. «Мектеп оқушылары арасындағы құқық бұзушылықты болдырмаудың алдын алу» /баяндама/
4. Озық - іс тәжірибе тарату жұмыстары

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Н.Үсенова мамандыққа бағдарлау мақсатында жүргізілген жұмыстар бойынша есеп берді. Н. Үсенова 9, 11-сыныптың жетекшілері Ш. Темірханов пен А. Қанымбаевалардың тарапынан оқушыларға мамандық таңдау кезінде жаңылыспай, қоғам мен мемлекетке қажетті, өзі қалаған мамандықты таңдау жөнінде кеңес беру, кездесу түсіндірме жұмыстары жүргізілгенін айтты. Бірлестік жетекшілері көгалдандыру – көркейту айлығы, атқарылған жұмыстар жөнінде айтып өтті. Мектеп ауласында әр сыныпқа белгіленіп берілген аумаққа гүл мен тал көшеттерінің отырғызылғандығын айтты.

Тариқ және құқық пәнінің мұғалимасы А. Қанымбаева мектеп оқушылары арасындағы құқық бұзушылықты болдырмаудың алдын алу тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама талқыланып, қорытындыланды.


Бірлестік жетекшісі Үсенова Нұршат 11-сынып жетекшісі А. Қанымбаеваның «Мамандығым - мақтанышым» тақырыбындағы ашық тәрбие сағатын, бастауыш сыныптың бірлестік жетекшісі З. Мұсаева 3-сынып жетекшісі Ж. Талдыбаеваның Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай «Ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында өтілген ашық тәрбие сағаттарын мектепшілік таратуға ұсынды.


**Жарыссөз:**

Сынып жетекшісі Саргелтаев Нұрғали әріптестеріне әрбір сыныптағы қиынға бейім оқушылармен жұмыс жүргізуді, қолға алуды, қадағалауды ұсынды. Тәлімгер Г. Ниязбекова жетекшілерге сынып белсенділеріне қолдау көрсетуді, бірлесе отырып жұмыс жүргізуді ұсынды.

**Қаулы етеді:**

1. Мамандыққа бағдарлау, нұсқау беру жұмыстары бітіруші сыныптың жетекшілеріне жүктелсін.
2. Көгалдандыру – күшейту жұмыстары жандандырылсын.
3. 11-сынып жетекшісі А. Қанымбаеваның «Мамандығым - мақтанышым» тақырыбындағы ашық тәрбие сағаты, 3-сыныптың жетекшісі Ж. Талдыбаеваның Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай «Ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында өткен ашық тәрбие сағаттарын мектепшілік таратуға ұсынылып, озық іс-тәжірибе мектепшілік тарқатылсын.

Сынып жетекшілері ӘБ жетекшісі:  Н.Үсенова

Хатшы:  С. Әбілдаева



«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектеп» КММ-сі

Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысының  
Хаттамасы № 3

Мерзімі: 07.01.2022 ж.

Қатысқаны: 14

Барлығы: 14

Қатыспағаны: 0

**Күн тәртібінде:**

1. Қараша, желтоқсан айларында өткізілген іс - шаралар қортындысы.
2. Оқушылардың саяси мәдениетін қалыптастыруда мұғалімнің ролі /баяндама/
3. Өзін - өзі басқару ұйымының жұмыс барысы
4. Бастауыш сынып бірлестігінің апталығы

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Үсенов қараша, желтоқсан айларында өткізілген іс-шараларға белсенді түрде қатысқан мұғалімдер марапатталды.

Екінші мәселе бойынша сынып жетекшісі Мырзалиева Ақтоты «Оқушылардың саяси мәдениетін қалыптастыруда мұғалімнің ролі» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама талқыланып, қорытындыланды. Мектептің ұйымдастырушы педагогы Г. Тайман мен тәлімгер Г. Ниязбековалар 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығында өзін-өзі басқару ұйымының міндеттеріне сай атқарған жұмыс барысын айтып өтті.

Педагог - психолог А.Жанилбекова өзін - өзі басқару ұйымының мүшелерімен тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқандығын, бірақ әлі де жоспарланған жұмыстарды сапалы жүргізу керектігін айтты.

Қосымша педагог А.Есіркепова бастауыш сыныптар бірлестігінің апталығы жөнінде айтып өтті. Апталықтың жақсы дәрежеде өткендігін, апталықтың жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, оқушылардың апталыққа белсенді түрде қатысқандығы жөнінде айтып өтті. Алдағы уақытта кемшіліктерді болдырмау шараларын қолға алуды тапсырды. Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалап, мектеп формасын, жеке бас тазалығын сақтауын, оқу құралдарын түгел алып келіп, кітаптарын қаптап, таза, ұқыпты ұстауларын талап етті.

### Жарыссөз:

Сынып жетекшілері Н. Саргелтаев, Ж. Талдыбаева, С. Молдашевдалар мектеп оқушыларының тоқсан сайын мектепшілік өткізіліп жатқан апталықтарының нәтижелері жақсы екендігін айтып, оқушыларды мақтау қағаздарымен марапаттауды ұсынды.

### Қаулы етеді:

1. Қараша, желтоқсан айларында өткізілген тәрбиелік іс-шаралар «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. Өзін - өзі басқару ұйымы мүшелерімен тығыз байланыста жұмыстар жүргізу, мерекелік шараларды өз деңгейінде өткізу ұйымдастырушы педагог Г. Тайман мен тәлімгер Г. Ниязбековаларға жауапкершілікпен жүктелсін.

Сынып жетекшілері ӘБ жетекшісі: *Н.Үсенова* Н.Үсенова

Хатшы: *С.Әбілдаева* С. Әбілдаева